

Ө. Әбдиманұлы, А. Темірболат  
Ш. Шортанбаев, Е. Сұлтан

**XX ҒАСЫР БАС КЕЗІНДЕГІ  
ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ  
ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ**

Алматы  
«Қазак университеті»  
2013

ӘОЖ 82.09  
КБЖ 83.3  
Ә 13

*Басылымға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің  
Ғылыми кеңесі мен РБК шешімімен ұсынылған*

ГФ1958 «XX-XXI ғасыр басындағы қазақ романындағы тәуелсіздік идеясы және тұлғаның зияткерлік-инновациялық әлеуеті» ғылыми жоба бойынша дайындалған монография

#### **Шкір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Т.С. Тебегенов**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **С. Ержанова**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**

Ә 13 **XX ғасыр** бас кезіндегі қазақ романдарындағы тәуелсіздік идеясы /Ө. Әбдіманұлы (жалпы ред. басқ.), А. Темірболат, Ш. Шортанбаев, Е. Сұлтан. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 165 б.  
**ISBN 978-601-04-0044-3**

Бұл ұжымдық монографияда XX ғасыр басындағы қазақ романының даму тенденциясы қарастырылады. Авторлар осы кезең әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының тууының алғышарттары мен тұлғаның зияткерлік-жанартапалы әлеуетін көркем бейнелеудің, әдістері мен тәсілдерін ашуды мақсат тұтқан. Еңбекте XX ғасыр басындағы шығармашылық тұлғалардың идеялық-тақырыптық, жанрлық-көркемдік ізденістеріне ерекше көңіл бөлінген.

Монографиялық зерттеу филология факультеттерінің оқытушылары мен докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

**ӘОЖ 82.09**  
**КБЖ 83.3**

© Әбдіманұлы Ө., т.б., 2013  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

ISBN 978-601-04-0044-3

## **КІРІСПЕ**

Кешегі әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан кеңестік империя құлап, қазақ елі тәуелсіздіктің көк байрағын көтеріп, егемендікке қол жеткізгені бергі қоғамдық-саяси өзгерістер жас мемлекетіміздің демократиялық жолмен дамуына негіз қалады. Соның нәтижесінде ұзақ жылдар тежеудің тегеурінін көріп келген ұлттық ой-сана тың серпінге ие болып, өткенді жаңаша көзқараспен байыптауға бет бұрған халқымыз уақыт-мезгілдің құдірет күшімен өшіріліп кеткен «ақтандақ» беттерді оянған сананың «үлкейткіш шынысымен» оқи бастады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі ұлы оқиғалардың тарихи шындығы енді-енді ашылып, оларды ұлттық сана, халықтық мүдде, тәуелсіздік ой тұрғысынан зейінді зерделеу мүмкіндігі туды.

Сондықтан да, әдебиеттегі тәуелсіздік идеяның көркемдік танымын терең тану үшін біздер «XX ғасыр басындағы қазақ романдарындағы тәуелсіздік идеясы және тұлғаның зияткерлік-инновациялық әлеуеті» атты тақырыпта ғылыми зерттеу жұмысын жүргізген болатынбыз. Соның алғашқы нәтижесі осы еңбек болып табылады. Бұл заман талабына сай туындап отырған, тәуелсіз ел мүддесінің басты тақырыбы болып табылатын барынша келелі де өзекті мәселені ашуға бағытталған еңбек. Өйткені тәуелсіздік идеясы – халықтың, өзінің елдік санасының өсуімен өмірге келетін, ұлттық өмір сүру факторлары арқылы айқындалатын, тарихи тәжірибесі мен таным-талғамына қатысты жаңғырып-жаңаланып отыратын, халықтың тарихи талап-тілектерінің, әлеуметтік мұрат-мүдделерінің жалпы мәнін жинақтаған тарихи категория. Оның ұлттың рухани болмысының арналы саласы әдебиетте көрініс табуы – аса бір ыждағаттықпен зерттеу қажет ететін бағыттың бірі. Өйткені, кез келген халықтың ежелгі дәуірлерден бергі рухани болмысын саралайтын нақты көрсеткіші – Сөз өнері. Ұлттық рух пен тәуелсіздік идеясының берік бірлігі әдеби туындының өзегінен өріс табады. Соның танудың нақты бір айғағы осы кітап болмақ.

Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі замандарынан Егемендік алған тұсымызға дейінгі дәуірлерінде тәуелсіздік идеясы белгілі бір кезеңдік тұстарда түрлі реңкпен белгі беріп отырды. Біздің